

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы»  
РМҚК және «Алматы Бизнес консалтинг» жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі арасындағы ынтымақтастық туралы  
МЕМОРАНДУМ**

Осы меморандум Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК директорының м.а. Раиса Петровна Шер тұлғасында бірінші тараптан және «Алматы Бизнес консалтинг» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директоры Дана Нұржұма тұлғасында екінші тараптан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталады, балаларға қосымша білім беру мәселелері бойынша бұдан әрі өзара ынтымақтастық туралы екі жақты келісімдерін білдіреді және келесіні констатациялайды.

Тараптар мынадай бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады:

- тараптардың өкілдерін жұмылдыра отырып, балаларға қосымша білім беру саласында әртүрлі іс-шаралар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар ұйымдастыруға және өткізуге қатысуға;

- жарнамалық презентациялар мен көрмелерді ұйымдастыру арқылы әр түрлі жобалар бойынша ақпарат алмасу үшін жағдай жасауға;

- жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарына өзінің құзыреті шегінде көмек көрсетуге;

- тараптардың тақырыптық іс-шаралар өткізгені туралы ақпараттармен, сонымен қатар үшінші тарап өткізген іс-шараларға Тараптардың біреуі қатысқан жағдайда ақпараттармен алмасуы;

- қосымша білім беру жүйесіндегі педагогтер үшін іскерлік іс-шараларды жүзеге асыру үшін жағдай жасау.

Осы Меморандумның ережелерін орындауға қатысты қандай да бір Тараптың сауалы бойынша тараптар кеңестер өткізеді.

Осы Меморандумға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде ресімделеді, Тараптардың уәкілетті өкілінің қолы қойылады және осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Меморандум екі жақ Тараптар қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және кем дегенде 30 күн бұрын екінші Тарапты ескерте отырып немесе бір Тараптың еркіне қарай, өзара екіжақты келісім бойынша екі тарап бұзбайынша жалғастырылады.

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК және «Алматы Бизнес консалтинг» ЖШС әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізудегі өзара тиімді іскерлік

серіктестік бойынша нәтижелі ынтымақтастық туралы жоғарыда аталған міндеткерліктерін растайды.

Осы меморандум 2015 жылғы «12» қазан Астана қаласында әрбір Тарап үшін қазақ және орыс тілдерінде бірдей заңдық күшке ие, екі данада жасалған.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым  
министрлігінің  
«Республикалық қосымша  
білім беру оқу-әдістемелік  
орталығы» республикалық  
мемлекеттік қазынашылық  
кәсіпорны

  
\_\_\_\_\_ Р. Шер  
2015 жыл «12» қазан



«Алматы Бизнес  
Консалтинг»  
Жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

  
\_\_\_\_\_ Д. Нұржұма  
«12» қазан 2015 жыл

